

А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан  
облыстық кітапханасы  
Шығыс Қазақстан облыстық Абай атындағы  
әмбебап кітапханасы  
«Қайым Мұхамедханов атындағы білім және  
мәдениет орталығы» қоғамдық қоры

**Қайым Мұхамедханов**  
Библиографиялық көрсеткіш

**Қаюм Мухамедханов**  
Библиографический указатель

УДК 01:82.0  
ББК 91.9:83  
Қ23

Пікір жазған **Тұрсын Жұртбай** – филология ғылымдарының докторы, профессор

Архив құжаттары бойынша кеңесші,  
профессор – **Дина Мұхамедхан**

Құрастырушы-редакторлар: **Харламова Н. Б., Сақыбаева Ш.Н., Чушекова Ж., Омарова А.**

**Қайым Мұхамедханов: библиографиялық көрсеткіш** = Каюм Қ23 Мухамедханов: библиографический указатель. – Алматы: «Мектеп», 2020. – 274 б. – қазақ, орыс тілдерінде.

ISBN 978–601–332–826–3

Ғалым, педагог, ақын, драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қайым Мұхамедханов еңбектерінің көрсеткіші – бұл ғалым зерттеулерінің бағыт-бағдарын бірізге түсіріп, жүйелеуге жасалған алғашқы қадам, сонымен бірге, бүгінгі күні анықталған еңбектерімен таныстыру мақсатындағы еңбек. Ғалымның қолжазба мұрасы мен құнды кемел мұрағаты әлі де зерттеуді және ғылыми сипаттама жасауды талап етеді. «Алдымда ақын Абай – Темірқазық», «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған», «Алаш идеялары» – ғалымның өмірі мен ғылыми жолындағы темірқазық іспетті. Көрсеткіш Қ.Мұхамедханов шығармашылығын терең тануға және ғалымның ел тарихы мен мәдениеті жайындағы құнды еңбектерін зерттеуге мүдделі баршаға пайдалы.

Қ  $\frac{430100000-122}{404(05)-20}$  92–20

УДК 01:82:0  
ББК 91.9:83

- © Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы, 2020
- © «Мектеп» баспасы, көркем безендірілуі, 2020
- Барлық құқықтары қорғалған
- Басылымның мүліктік құқықтары «Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978–601–332–826–3

## КІРІСПЕ

Қайым Мұхамедханов (5 қаңтар 1916 жыл – 30 маусым 2004 жыл) – әйгілі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1996), Қазақ ССР Гимнінің авторы (1945), Семей қаласында Абайдың мемлекеттік музейін ұйымдастырушы (1940), Абайдың ақындық мектебі мен Қазақстандағы текстология ғылымы, шөкәрімтану және алаштану ғылымдарының негізін қалаған көрнекті ғалым, ақын, жазушы, драматург, аудармашы, ұстаз, қоғам қайраткері, 1000-нан аса ғылыми еңбектің авторы.

1940 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағының мүшесі. КСРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, Шығыс Қазақстан облысының Семей, Аягөз қалалары, Жаңасемей және Абай аудандарының Құрметті азаматы.

Көптеген мәртебелі атақтар мен марапаттар иегері:

Халықаралық Абай академиясының Алтын медалінің иегері (Лондон, 1995), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық Абай сыйлығының бірінші лауреаты (1996), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының бірінші лауреаты (1996), Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты.

\* \* \*

Қайым Мұхамедханов еңбектерінің Көрсеткіші А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы, Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы (Семей) және «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қорымен бірлесіп жасалды.

Бұл Қайым Мұхамедхановтың ғылым мен мәдениет, әдебиеттану мен ағарту ісі, қолжазба мұраны сақтау, архив және музей ісі, халықтар арасында әдеби-мәдени байланыстар орнату, қазақ халқының тарихын жандандыру ісіне қосқан үлесі туралы толық Көрсеткіш құруға жасалған алғашқы қадам.

Көрсеткіштің жеке бөлімі ғалымның әкесі Мұхамедхан Сейтқұловқа (1870–1937) арналды. М.Сейтқұлов қазақ мәдениетін – эпос пен фольклор үлгілерін, қолжазба мұраны сақтауға, газет-журналдар шығаруға өлшеусіз үлесін қосып, өзінің үйінде қазақ халқының көптеген тарихи тұлғаларының қалыптасуына ықпалын тигізді.

Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен тағдыры ел өміріндегі өзі қатысқан және елеулі үлесін қосқан маңызды оқиғалармен тығыз байланысты болды. Бұның қатарында ғалымның – мемлекеттік рәміздерді қалыптастыру, қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау, жаңа ғылыми бағыттар ашу, мыңдаған есімдер мен қолжазбаларды қалпына келтіру тәрізді ұшан теңіз еңбегі бар.

«Бірінші» сөзі Қайым Мұхамедхановтың есімімен тығыз байланысты. Алғашқы Қазақ ССР Гимнінің авторы (1945), Мемлекеттік Абай музейінің негізін тұңғыш қалаушы (1940), Семей қаласында алғаш рет диссертация қорғап, ғалым атағын иеленген және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған тұңғыш ғалым. Ол Абай мен Шәкәрім, Абай шәкірттері мен Алаш азаматтарының, әдебиет және тарихи қайраткерлердің сөздерін сақтап қалған алғашқы және бірегей ғалым-текстолог. Тұрсын Жұртбайдың айтуынша «қала өмірінен шыққан алғашқы зиялы азамат».

Қ.Мұхамедханов бірінші болып Абай есімі мен бейнесін мәңгілік қалдыру мәселелерін көтерді (1940-жылдар). Оның қолжазбаларында 1923 жылдан бастап Сталиннің тапсырысымен Абай шығармашылығына репрессия басталғаны туралы белгі бар. Ғалым бірінші болып Шәкәрім есімі мен шығармашылығын, Алашорда азаматтарын ақтау туралы мәселе көтерді (1950-жылдары). Қазіргі оқырмандар ол кезде Абай бейнесінің бірде-бір бейнелеу өнері мен мүсін өнерінде болмағанын, Абай қыстауы мен кесенесінің қайтыс болғаннан 45 жыл кейінгі мүшкіл жағдайын көзге елестете алмас. Ғалымның осындай маңызды мәселелерді көтергені жөнінде «Қайым Мұхамедханов. Хаттар сөйлейді» кітабында әңгімеленген.

Ғалым халық тарихына қатысты маңызды мәселелерді көтерумен бірге, оны іске асыру үшін күресті. 1940 жылдан бастап ол көптеген адамдарды, олардың шығармашылығын ақтау және есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін еңбек етті.

Ғалым-академиктер – М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, С.Кеңесбаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Сильченко, З.Кедрина, И.Дүсембаев, Ә.Марғұлан т.б. ғалымдар оның көптеген еңбектер мен қолжазбаларды, жаңа құнды ғылыми деректерді қалпына келтіру мен сақтауға қомақты үлес қосқанын атап өткен. Әсіресе Қ.Мұхамедхановтың абайтану,

алаштану, шәкәрімтану, әуезовтану ғылымдарының іргетасын қалауға қосқан үлесі зор. Ол текстологиялық талдаудың ғылыми әдістерін, Абай мен Шәкәрімнің сөз өрнегін, Абай шәкірттері мен Алаш зиялылары, Бұқар жырау мен Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр мен Махамбет, XVIII—XIX ғғ. ақын-жыраулардың әдеби мұрасын сақтап қалды. Сондай-ақ сан ғасырларды қазақ халқының мәдени мұраларының алтын көпірімен жалғастырды.

Қайым Мұхамедханов 1940-жылдардан бастап табылған сирек қолжазбаларды, нағыз ғалымдарша ҚазССР Ғылым Академиясына, Абай музейі, Семей қаласының Өлкетану музейіне, мемлекеттік архивтерге, театрларға сақтауға өткізді. Ол өзінің ғылыми жұмыстарын осы тақырыпқа қызығушылық білдірген ғалымдарға, шәкірттеріне сыйлады.

Дереккөздерді жақсы білуі және архивтермен, маңызды мәтіндермен жұмыс істеу қабілеті оған әкесі Мұхамедхан Сейтқұловтан дарыған еді. Әр сала бойынша энциклопедиялық білімі мен жан-жақты таланты, ең бастысы адамгершілігі мен жауапкершілігі оған өз халқына адал қызмет етуіне мүмкіндік берді. Оған архивтер мен музейлер, марғасқа ғалымдар мен жастар, белгілі адамдардың ұрпағы, қарапайым азаматтар кеңес, пікір немесе рецензия, сараптама қорытындысын алуға келетін. Олар ескі фотосуреттердегі адамдардың есімін анықтау, қолжазбалар мен мәтіндерге түсініктер жазу, архивтен дерек іздеуге өтініш жіберетін. Қайырымдылығы мен инабаттылығы, шыншылдығы мен ізгілігі, танытын және таныс емес адамдарға деген бауырмалдық қасиеті әкесі Мұхамедхан Сейтқұловтан алған тәрбиесі еді. Білімді және мейірбан, қолжазбаларды сақтаушы, меценат, Ислам насихатшысы, Алашорданың серіктесі М.Сейтқұлов Алаш арыстарының ауыр тағдырын қайталап, 1937 жылы 2 желтоқсанда ату жазасына кесілді.

Қайым Мұхамедханов әкесі Мұхамедхан Сейтқұловтан кітапты құрметтей білуді, архив материалдары және маңызды деректермен жұмыс істеу қабілетін де үйренді. Сейтқұловтың үйіне адамдар жаңа кітаптармен танысу, әлем әдебиеті классиктерін оқу, үй иесі жинақтаған сирек кітаптар мен тарихи поэмаларды, фольклор үлгілерін оқып-танысуға жан-жақтан ағылып келетін. Абай мен Шәкәрімнің алғашқы басылымдарын, Орыс Географиялық қоғамының жазбаларын,

сол замандағы газет-журналдарды оқу, сондай-ақ танымал адамдармен танысып, үй иесімен сұхбаттасу – М.Сейтқұловтың үйін зиялы адамдар жиналатын мәдени орталыққа айналдырды.

Мұхамедхан Сейтқұловтың үйінде (Семей қаласы, Заречная слободкасы, Тыныбай мешіті жанында) Абай және оның шәкірттері, Шәкәрім және Алашорда азаматтары жиналатын. Ғалым Мұхамедханов Алаш зиялыларын Абай ізбасарлары деп таныды. Ол әкесінің үйінде алты жасында мұғалімдер семинариясының студенті Мұхтар Әуезовпен танысты. Сейтқұлов жас студент М.Әуезовті жан-жақты қолдап, өз үйінде оның пьесаларына репетициялар ұйымдастыратын. Қайым жастайынан Алашорда азаматтарын, театр өнерпаздарын көріп, халық әндері мен эпостарын, олардың халық тағдыры туралы әңгімелерін тыңдап өседі. Қайым әкесінің достары мен әке үйіне жиналатын зиялы азаматтарды аса қадірлейтін: олардың түрін есте ұстап, ескі фотосуреттерге есімдерін жазды, олардың шығармаларын сақтау, араб және латын қарпінен аударумен бірге, осындай білімді адамдардың еңбектеріне түсініктер жазып, баспаға әзірледі.

Бала мен әкенің кітаптары мен қолжазбаларының тағдыры олардың өздерінің күрделі тағдырымен байланысты: 1937 жылы М.Сейтқұлов қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. Ал, 1951 жылы қуғын-сүргін көрген Қайым Мұхамедханов Қарағанды лагеріне айдалды. Ғалымның кемелді кітапханасы, хаттары, қолжазбалары, құнды материалдары тәркілеуге ұшырады. Қайым Мұхамедханов жіберілген көптеген сұрақтарға жауапты КГБ-дан алды, тәркілеуге ұшыраған кітаптар мен қолжазбалардың бір бөлігі ҚазССР Ғылым Академиясына, бір бөлігі кітап дүкеніне, бір бөлігі музейге өткізілген, біршамасы өртелген. Бұл мәселе де зерттеуді қажет етеді.

Ғалым қолжазбалардың мыңдаған парағын тауып, мәтіндерді қалпына келтірді, оларды сақтап, алғаш рет өз түсініктемелерімен баспаға әзірледі. Бұл әрине, қазақ халқының тұтас мәдениетін сақтап қалуға қосылған өлшеусіз үлес.

Ғалымның репрессиясы ұзақ жылдарға созылып, ол кейінгі еңбектерінде хатталып, жазылды. 1950—1980 жж. баспа орындары ғалым кітаптарының қолжазбаларын қабылдағанымен, «баспа цензорлары» ол еңбектерді жариялауға рұқсат етпеді.

Өйткені олар 1951 жылы ғалымды репрессиялауға қатысқан цензорлар болатын.

Ғалымның осыған байланысты айтқандары бірнеше онжылдықтар бойы газет-журналдар бетінде жарияланып, теле-радио хабарлар арқылы берілді. Қ.Мұхамедхановтың мақалалары мен хабарлары сенсацияға айналды, өйткені халық алғаш рет ғылыми ақиқат пен тарихи шындыққа, есімдер мен фактілерге көз жеткізіп, шығармаларымен танысты.

Көрсеткіштің мазмұнын ғалымның күрделі тағдыры мен өмірі, көптеген құнды дереккөздер құрайды. Ғалым еңбектерінің Көрсеткіші – аса үлкен жауапкершілік пен тиянақты еңбекті қажет етуімен бірге, шексіздігімен ерекше. Академик Р.Сыздықованың пікірі бойынша ғалымның соңына қалдырған мұрасы әлі де көп зерттеулер мен зерделеуді қажет етеді.

«Абайтану мектебінің негізін қалаушы, ірі ғалым-текстолог, Алашорда заманындағы қазақ мәдениетінің маманы, біздің ұлттық мәдениетімізге алғаш рет жол ашқан ғалым... Яғни бір адам институт қана емес, тұтас Ғылым Академиясының орнын ауыстыра алды деп айтуға тұрады. Қайым Мұхамедхановтың ғылымдағы ерлігі, оның ренессанстық тұлға екенін көрсетеді және мақтануға лайықты» – дейді Ә. Қодар. (А.Қодар. Хранитель старины седой // Тамыр. – 2015. – № 2. – С. 17-25). Қ.Мұхамедханов туралы айтылған пікірлер ғалымның ғылыми мүддесі мен ғылымға қосқан өлшеусіз үлесін көрсетумен бірге, осы Көрсеткіштен орын алды.

Қайым Мұхамедханов – ерекше және жан-жақты талантты тұлға: ол – ақын және драматург, аудармашы және жазушы, қолжазба жинақтаушы және сақтаушы, архив зерттеуші, нағыз ғалым, қазақ текстологиясының негізін қалаушы. Ағартушы педагогтың 1940 жылдан бергі жалпы педагогикаға сіңірген еңбек өтілі – 60 жыл. Ол заводтарда, мектептерде, алыс аудандарда халық алдында баяндамалар жасады. Алдағы уақытта ғалым Қ.Мұхамедхановтың оқу-ағартушылық лекцияларының қолжазбаларын, сондай-ақ Алтын қорға енген авторлық хабарлары мен теле-радио хабарларын зерделеу, зерттеу жұмыстары тұр.

1970 жылы ол Семей телевидениесінде «Абай клубын» ашып, 10 жылдан астам өзінің авторлық бағдарламасын ұйымдастырды. Кейін ол осы бағдарлама арқылы қазақ мәдениеті қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын халыққа

таныстыру мақсатында арнайы хабарлар әзірлеп, жүргізді. Республикалық телехабарлар циклі (1980–1990 жж.), пьесаларының радиоқойылымдары – осының бәрі Көрсеткіштің басқа бөлімдері тәрізді бұдан әрі де толықтыру, зерттеу жұмыстарын жалғастыруды талап етеді.

Ғалым еңбектерін келесідей бөлімдерге бөлуге болады: ғылыми еңбектер – монографиялар, диссертациялар; ғылыми-көпшілік мақалалар; әдеби-сын мақалалар; тарихи-әдеби очерктер.

Көрсеткішке арналған деректерді анықтау жұмыстары Кітап палатасы, архивтер мен кітапханаларда, ғалымның жеке архивінде жүргізілді. Айта кетсек, бүгінгі күні ғалым еңбектерінің дереккөздерінің көпшілігі ертеректе жоғалған және қағазының ескіріп, бүлінуі себепті табылған жоқ. Ал 1951 жылы Абай шәкірттерінің өмірбаяны табылып, қалпына келтірілді. Оны алғаш рет баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» кітабының терімі типографияда шашылып қалған. Репрессия жылдары ғалымның газет-журналдарда жарияланған мақалалары кітапханалардан алынып, ұстараның жүзімен қиылып жойылды.

Көрсеткіштің жеке бөлімі Абай, алашордашылар, батырлар, ғалымдар тақырыбына арналып, түсініктемелерімен құнды қолжазбалар негізінде әзірленіп, алғаш рет баспаға ұсынылды. Және де бұл бөлімдер үнемі толықтыруды талап етеді. Қ.Мұхамедхановтың барлық қолжазбаларына ғылыми сипаттама қажет. Олар араб, латын графикасы және қазіргі әріптермен ұсынылған. Ғалымның қолжазбалары сия және қарындашпен жазылып немесе машинкамен басылған. Олардың тақырыбы білімнің әр саласын қамтиды – қазақ халқының тарихы, қазақ хандары мен батырлары, эпос және фольклор, жыраулар мен ақындар, жазушылар мен қазақ ғалымдары. Қ.Мұхамедхановтың қазақ халқының өткен ғасырлардан бергі әйгілі тарихи тұлғалары туралы жасаған шежіресі – Абай, Шәкәрім, Алаш зиялылары тақырыбындағы қолжазбаларға басты назар аударылуы тиіс. Ғалым жұмыстарының құндылығы сол – ол барлық дереккөздерді білді, соның ішінде, мәтіндерді ауызша жеткізуші қарияларды; мәтіндердің түрлі тізімдерінің нақтылығын салыстырды, әртүрлі сөздіктермен жұмыс істеді, көптеген ғалымдар және архивтермен хат жазысып, ғылыми дереккөздерге тапсырыстар берді. Замандастары

атап өткендей, Қ.Мұхамедхановтың мақалалары үтір-нүктесіне дейін тексерілгенімен және нақты деректерімен ерекшелінеді. Мысалы оның архивінде әрбір тұлға туралы қолжазбалар, фотосуреттер, архив құжаттары, ғылыми түсініктемелер мен қорытындылар, сондай-ақ олардың өмірбаяндары және олар туралы мақалалар сақталған. Абай, Шәкәрім тәрізді ерекше тұлғалар – ғалым шығармашылығының мыңдаған парағы мен құжаттарын құрайды.

Әр жылдардағы газет-журналдарда Қайым Мұхамедхановтың бірнеше мақаласы жарияланған, бірақ автордың фамилиясы бір мақалада ғана көрсетіліп, басқаларында ғалымның есімі аталмаған. Бұл мақалаларға авторлығы ғалымның жеке архивінде сақталған қолжазбалары арқылы және газет-журналдарда мақаланың өзінікі екені туралы жазған және қолы қойылған түсініктемелермен дәлелденеді... Мысалы «Абай» журналының кейбір нөмірлерінде мақаланың жартысына жуығы Қайым Мұхамедхановқа тиесілі, бірақ ол мақалалар авторы көрсетілмей немесе басқа автор аты-жөнімен жарияланған.

Қайым Мұхамедханов жастық шағында, сондай-ақ, есейген кезінде шығармашылық адамдарға тән әдетпен лақап атын пайдаланған, ол Көрсеткіште «Көкенов», «Көкен», «Ертісбаев», «Кәрібай» деп берілген.

Газет-журналдарда ғалым еңбектерінің қысқа нұсқалары жарияланғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ кейбір редакторлардың зейінсіз қарауы немесе білімсіздігінен оның мақалаларының авторы мен нақтылы деректер бұрмаланып келді. Ғалым мұндай кезде жіберілген қателерді байқап, келесі санда қатені тез арада жөндеуді талап еткен (мысалы Мамай-Матай, немесе Шәкәрім шығармаларынан тұтас бөлімнің жоғалуы т.б.).

Жарыққа шыққан таңдамалы еңбектерінің 10-томдығына барлық еңбектері енген, сондықтан бұл жұмысты жалғастыру қажет.

Бұл Қ.Мұхамедхановтың қолжазба мұрасына ғылыми сипаттама берудің қажеттілігін және соның негізінде ғалым еңбектерінің толық нұсқасын жариялау мүмкіндігін ұсынады.

Сондай-ақ тағы бір ескеретін жайт, ғалымның еңбектері мен аудармаларының жарыққа шығу уақыты мен жарияланған уақытының әртүрлі болуы. Мысалы Н.Карамзиннің «Бедная Лиза» – («Сормандай Лиза») повесін Қ.Мұхамедханов 1954

жылы Қарлағта аударған. Ал газетке алғаш рет тек 1966 жылы жарияланып, кітапқа одан да кеш кіргізілді.

Тағы бір мысал: 1941 жылы Қ.Мұхамедханов алғаш рет өзірбайжан тілінен У.Гаджибековтың «Аршын мал алан» музыкалық комедия-пьесасын аударды. Бұл пьеса 1940 жылдары еліміздің театрларында қойылып, 1970 жылы жаңартылып көрсетілді. Содан бергі кезеңде пьесаның қолжазбасы театрлар мен мемлекеттік архив қорында сақтаулы. Ал Қ.Мұхамедхановтың осы пьесасы енген 10-томдық таңдамалы еңбегі тек 2005–2012 жж. жарыққа шықты.

Ғалымның қолжазбасы бүгінгі күні мыңдаған парақты құрайды, ал оның араб және латын қарпіндегі поэзиясы мен ғылыми еңбектері әлі зерттелген жоқ.

Мұның бәрі Көрсеткішпен жұмыстың әлі де аяқталмағанын көрсетеді.

Осыдан біраз жыл бұрын Абай атындағы Семей облыстық кітапханасы Қайым Мұхамедханов шығармаларының Көрсеткішін жасап ұсынды. Бұл ғалым мұрасын сақтау ісіне қосылған қомақты үлес.

Бұл Көрсеткіш Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен сан қырлы шығармашылығын оқып-үйренгісі келетін жас ғалымдар мен зерттеушілер үшін ақпараттық-танымдық ресурс болуымен бірге, оларды ғылым жолына ынталандыратыны сөзсіз.

Ғалым Қайым Мұхамедхановтың өнегелі өмірі мен тағдырын, оның ғылымға қосқан үлесі мен халыққа адал қызметін қамтыған осы Көрсеткіш – біздің қоғамның рухани-адамгершілік бағытта дамуына қосылған сүбелі еңбек.

«Қайым Мұхамедханов» библиографиялық көрсеткіші баспа түрінде жарық көргенімен, электронды нұсқасы бұдан өрі қарай да толығып, жалғасын табады. Көрсеткіштің электронды нұсқасы А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының сайтында орналасқан:

<http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/m-khamedkhanovty.html>

## Қ.МҰХАМЕДХАНОВ

Қайым Мұхамедханов (5 қаңтар 1916 жыл – 30 маусым 2004 жыл) – әйгілі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1996), Қазақ ССР Гимнінің авторы (1945), Семей қаласында Абайдың мемлекеттік музейін ұйымдастырушы (1940), Абайдың ақындық мектебі мен Қазақстандағы текстология ғылымы, шөкәрімтану және алаштану ғылымдарының негізін қалаған көрнекті ғалым, ақын, жазушы – драматург, аудармашы, ұстаз, қоғам қайраткері, 1000-нан аса ғылыми еңбектің авторы.

1940 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағының мүшесі. КСРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, Шығыс Қазақстан облысының Семей, Аягөз қалалары, Жаңасемей және Абай аудандарының Құрметті азаматы.

Көптеген мәртебелі атақтар мен марапаттар иегері:

Халықаралық Абай академиясының Алтын медалінің иегері (Лондон 1995), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық Абай сыйлығының бірінші лауреаты (1996), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының бірінші лауреаты (1996), Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты.

\* \* \*

Қайым жас жеткіншек кезінен бастап өлең жазды. 15 жасында кемежайда жүк тасушы, жұмысшы, кадр бөлімі қызметкері, мәдениет қызметкері, мұғалімдік қызметтерді атқарды.

Екі жылдық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін өзірлеу курсынан кейін Семей пединститутына түсіп, 1941 жылы экстернмен аяқтайды. Қайым 17 жастан бастап Семей қаласының өртүрлі мекемелерінде сабақ бере бастады. Үздік педагог-тәлімгер өмірінің 60 жылдан астамын жастарды тәрбиелеу және білім беру ісіне арнады.

1937 жылы әкесі Мұхамедхан Сейтқұлов тұтқындалғаннан кейін (1937 жылы 2 желтоқсанда ату жазасына кесілді) Қайым педагогикалық институттан қуылады. Сол кезде жасөспірім жігітке әкесінің досы Мұхтар Әуезов моральдық тұрғыда қолдау береді, ол Қайым үшін ғұмыр бойы тәлімгер және ұстаз болып қалды. Ұстаз және шәкірт өмірлерінің соңына дейін алаш ісіне адал болды. Адамдарды жақсы та-

нитын Мұхтар Әуезов Қайымның бойынан ерекше дарын, имандылық пен адалдықты байқайды. Сол себепті Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалауды өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды. Қиындыққа толы сапарлар барысында Қайым Абай мұражайы үшін 500 ден аса жәдігерді тауып, сақтады, соның ішінде Абайдың жеке заттары, Абай және оның айналасындағы адамдардың қолжазбалары болды.

Мұхтар Әуезов шәкіртіне ғылымдағы жаңа бағыт бойынша зерттеу жүргізуді сеніп тапсырды, ол – Абай мектебі. Қайым Абайдың 30-дан аса шәкіртінің есімін нақтылады және олардың ғылыми-шығармашылық өмірбаяны туралы деректер жинап, жариялады. Ең бастысы ол Абайды көзі көрген қариялардың айтқандары және табылған жазба үзінділер арқылы ғылыми текстологиялық талдау әдісімен әр шығарманың Абайдың қай шәкіртіне тиесілі екендігін дәлелдеді. Өлшеусіз еңбек! Қайым Абай ізбасарлары қатарына алаш арыстарын енгізді. Ғалымдар Мұхамедхановтың зерттеушілік еңбегінің ауқымдылығы мен жаңашылдығын бағалай келе, оның 30-дан аса диссертация қорғағанын атайды. Абай шәкірттері мен ізбасарларын мектептер мен жоғарғы оқу орындары оқытады, ал бұл – қазақ әдебиетіндегі бірегей мектеп, ұлт мақтанышы. Бір өкініштісі, ғалым Мұхамедханов осындай жанкешті еңбегі үшін 1951 жылы репрессияға ұшырап, 25 жылға бас бостандығынан айрылғаны туралы ешқандай айтылып, жазылмаған.

Қайым Мұхамедханов ғұмыр бойы **Абай сөзінің түпнұсқасын сақтаумен айналысты**: Абай өлеңдері мен поэмаларына текстологиялық талдау жүргізіп, әрбір шығармасына ғылыми түсініктеме жазды, ұзақ жылдар бойы бір басылымнан екінші басылымға көшетін жаңсақтықтар мен қателерді жөнделді. Сонымен бірге, ғалым Абайдың белгісіз болып келген 31 шығармасын тауып, олардың Абайдікі екенін дәлелдеді.

1940 жылы қызметін мұражайда аға ғылыми қызметкер болып бастаған Қайым, жоғары оқу орнында сабақ беруін жалғастырды, ал 1947 жылы Мұражай ҚазССР-і Ғылым Академиясы қарамағына өткізілген кезде Академия Президенті Қ.Сәтпаевтың бұйрығымен Мұражай директоры болып тағайындалды. 1945 жылы профессор Е.Исмаилов былай деп жазды: «Мұхамедханов Абайдың өмірі мен шығармашылығына тікелей қатысы бар ерекше құнды қолжазбаларды, мұрағаттық, фольклорлық материалдарды жинақтады».

Ғалым-әдебиетші Л.Перельгин 1966 жылы: «Не забудем, что Каюм Мухамедханов – организатор Семипалатинского музея Абая. Кто знает, может быть, **организация мемориального музея Абая является самым драгоценным**, что было сделано за последнюю четверть века в области абаеведения».

Қ.Мұхамедханов 1940 жылдан бастап Абайдың 100 жылдығын әзірлеу жөніндегі мерейтойлық үкімет комитетінің Ғылыми хатшысы кезінде және кейінгі жылдары Абай бейнесін мүсін және бейнелеу өнерінде мәңгілік есте қалдыру, Абайдың Жидебайдағы қыстауын қайта қалпына келтіру, ақын және туған-туысқандарының қорымын жақсарту мәселелерін көтерді. Сол жылдардағы хаттар мен мұрағат құжаттары – соның айғағы.

Ө.Нұршайықов және Р.Нұрғалиевтың айтуынша, Мұхтар Әуезов ең сенімді шәкірті Қайым Мұхамедхановқа көптеген маңызды тапсырмаларды сеніп тапсыратын. «Абай жолы» эпопеясына байланысты көп деректі Мұхаң Қайым Мұхамедханұлынан алды. Сондай-ақ ұстазы шәкіртіне ақын-жыраулар мен батырлар – Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Махамбет, Бұқар жырау т.б. туралы текстерді жаңғыртуды тапсырды.

Кеңес заманының бірегей идеологиясы марксизм-ленинизм мектебі болды. Абай мектебі – бұл абайтану ғылымындағы жаңа бағыт және оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңін анықтап және сақтап қалған Қайым Мұхамедханов. Абай мектебі – бұлар Абайдан оқыған, кеңесін тыңдаған, Абай арқылы орыс, әлем және шығыс мәдениетімен танысқан бір топ ақын-жыраулар, сазгерлер мен ертегішілер, әншілер. Абай шәкірттері ұлы ойшыл, ақынның гуманистік және мәдени философиялық көзқарасының өсерінде болды. Олар – Ақылбай, Әубәкір, Әріп, Әсет, Баймағамбет, Көкбай, Көкітай, Мағауия, Мұқа, Тұрағұл, Уәйіс, Шәкәрім тәрізді ізбасарлары. Қайым Мұхамедханов отыздан аса есімді қалпына келтірді, олардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер жинап, толық өмірбаяндарын жазды. Ол 1930 жылдардың соңында жоғалуға шақ қалған Абай шәкірттерінің хаттарынан үзінділер мен шығармаларын тауып, сақтады. Ол Абайды көзі көрген қариялардың ақын және оның шәкірттері, олардың шығармалары туралы естеліктерін жазып алды.

Ғылыми текстологиялық талдау әдісімен әр шығарманың Абайдың қай шәкіртіне тиесілі екендігін дәлелдеді.

Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», «Хисса Жүсіп», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Көкбайдың «Сабалақ», «Кенесары-Наурызбай», Әсеттің «Салиха Сәмен» және «Евгений Онегин» аудармасы, Әріптің «Біржан-Сара» және тағы басқа да шәкірттері мен алаш ізбасарларының шығармалары мен аудармалары бар.

Қайым Мұхамедханов Абай ізбасарлары қатарына Алаш арыстарын енгізіп, олардың өмірбаяндарын жазды, шығармаларын нақтылап сақтады, араб және латын қарпінен қазіргі жазуға көшіріп, ғылыми түсініктеме берді және оларды алғаш рет баспаға өзірледі.

#### **Ғылым жолындағы қуғын-сүргін.**

1951 жылы 7 сәуірде ҚазССР Ғылым Академиясында «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясын қорғауы еліміздің тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Диссертация қорғалды, бірақ ұстаз бен шәкірт – Әуезов пен Мұхамедхановты айыптау тоқтамады. Диссертацияны қорғау кезінде басталған айыптаулар абайтану барысын талқылауда, сондай-ақ 1951 жылы баспасөзде тапсырыс бойынша жазылған мақалалармен жалғасын тапты. Мұның соңы Мұхамедхановты Абай мұражайы директоры және оқытушы қызметінен босатумен аяқталды. Ақыры 1951 жылы 1 желтоқсанда Қ.Мұхамедханов тұтқындалып, соңынан Семей және Алматы қалаларындағы НКВД түрмесіне, Қарағанды лагеріне қамауға алынды. Шектен шыққан азаптаулар – ыстық және суық камера, тырнақ астына ине жүгірту, басқа тамшылатып су тамызып қинау, моральдық қысым және өлім жазасымен қорқыту Қайымның ерік-жігерін сындыра алмады. Ол «Абай мектебі бар», «Өлсем, Алаш азаматтарынан жаным артық емес» деп жауап берді. Өйткені жастайынан Алаш арыстарын, халқымыздың белгілі азаматтарын, М.Әуезовті көріп өскен Қайым өке үйінің құндылықтарына адал болды.

Қайым Қарағанды, Теміртау, Долинка, Дарья, Құлайғыр, Қарабас, Шерубай, Просторное, Топар, Тартаул және басқа да Қарағанды лагерлерінде болып, азап жолынан өтті.

**Қ.Мұхамедхановтың мемлекеттік рәміздерді өзірлеуге қосқан үлесі.** Қайым Мұхамедханов – Қазақ ССР-і мемлекеттік Гимні мәтінінің авторы (1945). 27 жастағы жас жігіт Қайым Мұхамедханов 1943 жылы Республика Гимнін жазып конкурс жеңімпазы атанды, оның алғашқы жолдары: «Ер қазақ ежел-

ден еркіндік аңсаған» деп басталады. Бұл гимн шамамен 50 жыл бойы айтылғанын ұмытпаған жөн!

**Қайым ақын** ретінде 1936 жылдан бастап таныла бастады. Ол 100 ден аса өлең мен поэмалар жазды, сондай-ақ Ғ.Тоқай, Т.Шевченко тағы басқа ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Карлагта «Туған ел – алтын бесік», «Балаларыма», «Жұбайым Фархинурға», «Отырдық тар қапаста күнді санап», «Шерубай станциясы» т.б. өлеңдерін жазды. Сонымен бірге Н.Карамзиннің «Сормаңдай Лиза» повесін қазақ поэзиясы тілімен аударды.

**Түрлі мәдениет өкілдерімен әдеби байланыс.** Ғалымның ғылыми ізденістерінің қатарынан Рылеев, Семенов Тянь-Шанский, Крачковский, Веселовский, Бартольд, Уәлиханов пен Достоевский, Каюм Насыри, Ғабдолла Тоқай, Шариф Камал, Берді Кербәбаев, Тоқтағұл, Хусаин Фаизханов, Хамза Ниязи, Микаэл Налбандян, Сулейман Стальский, Ильяс Бораганский, Ян Райнис, Лу Синь, Адам Мицкевич, Ежи Юрандет, Тарас Шевченко т.б. орын алды.

Қайым Мұхамедханов Шәкәрімнің ұлы Ахатпен бірге ақынның есімін ақтауда бар күш-жігерін аямады. 1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келгеннен кейін, **отыз жыл бойы Шәкәрім шығармашылығын ақтау және есімін тарихта қалдыру үшін күресті.** Ол туралы архив құжаттары және сол кезеңдегі хаттар сөйлейді.

Мұхамедханов қазіргі күні де Қазақстандағы жалғыз-дара ғалым-текстолог болып табылады, оның XVIII—XIX ғғ. ақын-жыраулары және XX ғ. басындағы ақындар шығармаларының канондық негізін қалыптастыру жолындағы еңбегі аса құнды.

Ғалым бірқатар **энциклопедиялар шығаруға қомақты үлес қосты:** ҚСЭ-нің (Қазақ Совет энциклопедиясы) 12 томына ғылыми түсініктемелер жазып, тарих, әдебиеттану, өлкетану, театр, қазақ батырлары туралы т.б. мақалалардың қателері мен жаңсақтығын жөндейді. Ғалым «Абай» энциклопедиясы, «Абай елі» т.б. кітаптарды шығаруға елеулі үлес қосып, жанкештілікпен еңбек етті.

**Қолжазбаларды жинаушы және сақтаушы** Қайым Мұхамедханов 1940 жылдың басында көптеген қолжазбаларды анықтап, өңдеп ҚазССР-і ҒА мұрағатына сақтауға өткізді. Соның ішінде «Әріп», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», Абай,



Шәкәрімнің белгісіз өлеңдері, батырлар, Алаш зиялылары туралы материалдар және т.б. мәдени құндылықтар болды. Ол бұл жұмыспен ғұмыр бойы айналысты және Ғылым Академиясы, Мемлекеттік мұрағат, Абай мұражайы, Өлкетану мұражайы, Достоевский мұражайы, Орталық мемлекеттік мұражай қорларын құнды материалдармен толықтырды. Ол әкесі Мұхамедхан Сейтқұлов тәрізді құнды қолжазбаларды, сирек фотосуреттерді жинап сақтады, халықтың есінде қалдыру мақсатында адамдардың аты-жөндерін нақтылап, түсініктемелер берді.

**Драматург** Қайым Мұхамедханов «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Перне», «Ер Білісай» тәрізді пьесалар жазды.

**Аудармашы** ретінде 1941 жылы жазушы, өзірбайжан драматургы, композитор, СССР халық әртісі У.Гаджибековтың «Аршын-мал-алан» музыка-комедиялық қойылымын алғаш рет қазақ тіліне аударды. Аталмыш комедия алғаш рет Семейдің музыкалық-драмалық театры және Шымкент театрында қойылды, кейіннен Қазақстанның басқа да драма театрларының репертуарына енді.

Ол татар тілінен Шариф Камалдың «Қажы әфенді үйленеді» комедиясын, Пушкиннің «Русалка» поэмасын, француз драматургы Пьер Огюстен Бомаршенің «Фигароның үйленуі», Боккачоның «Декамерон», поляк драматургы Ежи Юрандоттың «Уақыт сондай» т.б. пьесаларды қазақ тіліне аударды.

Қайым Мұхамедханов ұмытылған есімдер мен шығармаларды қайтаруға көп еңбек сіңірді. Соның қатарында Ильяс Бораганский, Мәжит Дәулетбаев, Ақылбек Сабалов, Ильяс Молдажанов, Тайыр Жомартбаев, т.б. алаш арыстары, қоғам қайраткерлері бар.

**Майталман педагог-тәлімгер** Қазақстан жастарының бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Олар – педагогтар және ғалым-әдебиеттанушылар, философтар мен мемлекет қайраткерлері, білім және мәдениет мекемелерінің басшылары, ақындар мен газет-журнал құрылтайшылары. Қазіргі жастар, ғалымдар мен жерлестері Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығынан шабыт алады.

Қ.Мұхамедханов 1942–1947 жылдары Семей облысына қарасты үш орталық – Семей, Павлодар, Өскемен және аудан-

дар бойынша Қазақстан Жазушылар Одағының уәкілі болды. Ол ақындар мен жазушылардың шығармашылық дамуына зор үлес қосты. Жас таланттар мен ақындарды қамқорлығына алып, қолдау үшін түрлі ұйымдарға жазған хаттары сақталған.

Қайымның қиындыққа толы тағдыры мен баянды ғұмыры Ж.Саин, Естай ақын, В.Иванов, Қажымұқан, Жамбыл, халық ақындары, театр қайраткерлері, өртүрлі ұлттардың ғылым және мәдениет қайраткерлерімен, Абай, Шәкәрім, Әуезов, Алаш зиялыларымен өткізген әсерлі шығармашылық кездесулермен есте қалды.

Қайым Мұхамедхановтың есімі көптеген энциклопедияларға енді – Абай», «Шәкәрім», «Әуезов», «Қазақстан жазушылары» т.б.

Ғалым-патриот Қайым Мұхамедхановқа арналып Семей қаласында ескерткіш орнатылды (2010). Ал өзі өмір сүрген және еліміздің тарихының көрнекті қайраткерлері бас қосқан үйге Мемориалдық тақта қойылды (2004).

2016 жылы 20 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, ғалымның 100 жылдығына орай, халықтың патриоттық рухын көтеру мақсатында Қайым Мұхамедхановтың есімін мәңгі қалдыруды ұсынды.

2016 жылы ғалымның 100 жылдық мерейтойына орай пошта маркасы шығарылды. Семей, Астана, Ақтөбе, Атырау және тағы басқа қалаларда Қайым Мұхамедханов атындағы көшелер бар.

Ғалымның өмірі мен тағдыры, оның ғылым мен мәдениетке, мемлекеттік рәміздерге, жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан өлшеусіз үлесі – нағыз патриотизм мен өз халқына қалтқысыз еңбек етудің жарқын көрінісі.

Белгілі философ және мәдениеттанушы Әуезхан Қодар өмірінің соңғы жылы (2016) Қайым Мұхамедханов туралы маңызды мақала жазып, ғалымның өмірі мен тағдырына, оның Отан алдындағы қажымас еңбегіне философиялық тұжырым жасады: «...Қайым Мұхамедханов – абайтану ғылымының негізін қалаушы, ірі ғалым-текстолог, Алаш дәуірінде өркендеген еркін қазақ мәдениетін Кеңес дәуірінде жаңғырта білген дәнекерші, ұлттық қазақы дәстүрді дамытқан алтын көшір...»

## Қ.МҰХАМЕДХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ

### Кітаптар

1. Т.1: Зерттеулер, мақалалар. – 2005. – 352 б. – Абай төңірегіндегі ақындар, Абай және ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет, Абайдың өнеге алған мектебі, Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаев, Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев, Мұхамеджан Майбасаров, Бейсембай Жәнібеков, Баймағамбет Мырзаханов, Мұқа Әділханов, Әлмағамбет Сексенбаев, Әубәкір Оспанов, Абай шығармаларының текстологиясы жайында.
2. Т.2: Зерттеулер, мақалалар. – 2005. – 344 б. – Әдебиет тарихы туралы зерттеулер: Қаракерей Қабанбай батыр жыры, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қосынұлы Жалайыри, Дулат жырау, Шөже ақын, Ақмолла, Бұқар жырау, Мәшһүр-Жүсіп Кәпеев, Жанақ Сағындықұлы, Махамбет өлеңдерінің басылымдары және текстологиясы жайында, Қазақ Совет Энциклопедиясындағы (ҚСЭ) кейбір мақалалардағы тарихи деректер, Абайға байланысты кейбір деректер, Абай ағартушы, Абай өлеңдері т.б.
3. Т.3: Абайдың ақын шәкірттері. – 2005. – 328 б. – Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев, Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересі, Әубәкір Ақылбайұлы шығармалары, Шаһкәрім, Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов туралы.
4. Т.4: Абай мұрагерлері. Естеліктер. – 2005. – 328 б. – Көкбай Жанатайұлы, Уәйіс Шондыбайұлы, Әріп Тәңірбергенов, Әсет Найманбайұлы, Мұқа Әділханұлы, Тайыр Жомартбайұлы, Баймағамбет Айтқожаұлы, Иманбазар Қазанғапұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ыдырыс Мұстамбаев, Қайым Мұхамедханов туралы лебіздер мен естеліктер.
5. Т.5: Мақалалар. Зерттеулер. – 2007. – 344 б. – ХІХ ғ. қазақ әдебиетінің ірі өкілдері: Махамбет Өтемісов, Шернияз Жарылғасұлы, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Абай өлеңдеріне түсініктер, соның ішінде жаңадан табылған сегіз өлеңі туралы жазылған мақалалар топтамасы, Ақбұлақ жырының тарихы; Орынбай ақын Бертағұлы,

Естай Беркімбаев, Жаяу Мұса, Иса Байзақов, Шашубай Қошқарбаев, әйгілі әнші, композитор Майра, Ілияс Молдажанов, Нұрлыбек Баймұратов, Төлеу Көбдіков, Тәңірберген Әміренов, Сәду Машақов, Сапарғали Әлімбетов, Қозы Көрпеш Баян сұлу жыры, Бейсенбай ақын, Мұхамеджан Сералин, Ілияс Жансүгіров, Әлкей Марғұлан, Жұмат Шанин, Есмағамбет Ысмайылов туралы мақалалар топтастырылған.

6. Т.6: Мақалалар. Зерттеулер. Пікір хаттар. – 2008. – 320 б. – Шәкәрім шежіресі, Көкбай Жанатаевтың «Әудемжер» әні, «Құдай» сөзінің мағынасы, Мұздыбай Бейсенбаевтың «Абай және оның заманы» кітабы; Төлеу Көбдіков, Максим Горькийдің әңгімесі «Челкаштың» тұңғыш аудармасы, Уәйіс Шондыбаев, «Тәуке-Жікібай» поэмасы, Мақы Шыңғысұлы Уәлиханов, әйгілі әншілер Майра мен Әміре, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбілхайыр Досов, Сабыржан Ғаббасов, Абдолла Ярмұхамедов, Елубай Әмірзақов, Ғабиден Мұстафин, Асқар Тоқмағамбетов, Абайдың өнеге алған мектебі, шетел жазушылары туралы мақалалар: А.С.Пушкин, Лев Толстой, Федор Достоевский, Тарас Шевченко, Евгений Петрович Михаэлис, декабрист Кондратий Федорович Рылеев, М.Горький, Крылов және Абай, Абай мен Лермонтов, Абайдың «Қорқытпа мені дауылдан» атты өлеңінің аудармасы, Владимир Даль, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, В.В.Бартольд, Николай Островский, Всеволод Иванов, Адам Мицкевич; қытай жазушысы Лу Синь, Сулейман Стальский, Түркмен әдебиетінің классигі Берді Кербабаев, өзбек жазушысы Хамза Хаким-зада Ниязи, армян жазушысы Микаэл Налбандян, татар жазушысы Шариф Камал, Ғабдолла Тоқай, Ғалымжан Ғыйрфанұлы, Хұсайын Файзаханов, Ілияс Бораганский, Қаям Насыри, Әубәкір Диваев туралы мақалалар топтастырылған.
7. Т.7: Пьесалар. Өлеңдер. – 2009. – 312 б. – «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Ер Білісай», «Перне» атты пьесалары мен осы пьесаларға пікірлер, өлеңдер, Карамзиннің «Сормандай Лиза» шығармасының аудармасы топтастырылған.
8. Т.8: Аудармалар. Мақалалар / ред. А.Аубакиров. – 2009. – 320 б. – «Қажы әфенді үйленеді», «Аршын мал алан»,

«Уақыт сондай», «Фигаро», «Жас гвардия», «Русалка» пьесалары; орыс тілінде жарық көрген еңбектері: Литературная школа Абая, Абай и Бунин, Шакарим, Жамбыл Жабаев, Аубакир Ахмеджанович Диваев, «Абай» журналында жарық көрген мақалалары, М. Жұмабаевтың «Тоқсанның тобы» өлеңі, қазақ зиялылары Ыдырыс Мұстамбаев, Мұхтар Әуезов, Сабыржан Ғаббасов, қазақ ақындары мен жырауларының өлеңдері мен әндерінің орыс тіліне аудармасының алғашқы жинағы, Всеволод Иванов және ол туралы.

9. Т.9: Мақалалар. Зерттеулер. Абай шығармаларына түсініктемелер. – 2011. – 384 б. – Мақалалар мен зерттеулер: Баймағамбет Айтқожаұлы, Айтыс туралы, «Әдебиет және искусство» журналындағы кейбір шығармалар, Ығылман ақын, Абай музейі, латыш ақыны – Ян Райнис, Ыбырай Алтынсариннің шығармалары, Мұзафар Әлімбаев, Бейсембай Кенжебаев, Білісай Байғаранова, Баймағамбет Ізтөлин, Нығмет Нұрмақов, «Жүсіп-Зылиха» дастаны жайында, қазақ ақындары Жұмағали Саин, Сәдір Жәпекеұлы, Нармамбет Орманбетов; Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі, Тұрлықан Қасенұлы, қазақ театры, Семей театры, «Жалбыр» операсы, «Үйлену» комедиясы, «Он бір белгісіз» пьесасы, «Ауру тістер» комедиясы, Семейдегі өлкетану музейі, Гоголь атындағы кітапхана, Абай атындағы опера-балет театры, «Қамар сұлу» операсы, «Семей таңы» газеті, Күләш Байсейітова, Семей театрының тарихы, Семей педагогика институты, Қалибек Қуанышбаев, Семей педтехникумы (қазіргі М.Әуезов атындағы педучилище), Екейбай Қашағанов туралы; Абай шығармаларына ғылыми түсініктемелер: өлеңдер, дастандар жинақталған.
10. Т.10: Стенограмма. Пікірлер. Материалдар. – 2012. – 384 б. – Стенограмма: 1951 жылғы жоғары аттестаттау комиссиясының стенограммасы, диссертациялық кеңес стенограммасы, құжаттар сөйлейді, Қ.Мұхамедханов «Абай кітабын алғаш шығарған Илияс Бораганский», Кәкітай Ысқақұлы туралы; Ғ.Мұқаметханов [Қ.Мұхамедханов]; Қазақ ССР Ғылым Академиясы, Абайдың мемлекеттік әдебиет музейі: филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Семей, 1950. – 318 б. – Қосымша: 478 б.
11. Мұхамедханов, Қ. Абай шәкірттері [Мәтін] : [сүйінші дана] / жинаған, түсініктерін жазған Қ.Мұхамедханов; сөз басын жазған М.Әуезов. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951. – 263 б. – 1951 жылы Қ.Мұхамедханов тұтқындалған соң баспаханадағы кітап терімі шашылып қалған.
12. Мұқаметханов [Мұхамедханов], Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында [Мәтін] / Қ.Мұқаметханов [Мұхамедханов]. – Алматы: Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 144 б.
13. Мұқаметханов [Мұхамедханов], Қ. Мағауия Абайұлы Құнанбаев [Мәтін] / Қ.Мұқаметханов [Мұхамедханов]. – Алматы: Қазақстан мемлекеттік оқу педагогика баспасы, 1959. – 36 б. – (Мұғалім кітапханасы).
14. Мұқаметханов [Мұхамедханов], Қ. Абайдың туған жері, өскен ортасы = Абаевские места / Қ.Мұқаметханов [Мұхамедханов]. – Алма-Ата: Жазушы, 1971. – 34 б.
15. Мұқаметханов [Мұхамедханов], Қ. Комиссар Ғаббасов [Мәтін] : пьесалар / Қ.Мұқаметханов [Мұхамедханов]. – Алматы: Өнер, 1984. – 176 б. – Мазмұны: Комиссар Ғаббасов; Білісай; Толқын; Хажы өпенді үйленеді.
16. Мұқаметханов [Мұхамедханов], Қ. Жүсіпбек Аймауытов [Мәтін] / Қ.Мұқаметханов [Мұхамедханов] // Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. – Алматы: Жалын, 1992. – Б. 381-452.
17. Мұхамедханов, Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап [Мәтін] : [кітапқа Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл өлеңдері мен поэмалары, өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер енген] / шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндары мен алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 1993. – 224 б.
18. Мұхамедханов, Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап [Мәтін] : [екінші кітапқа Кәкітай, Көкбай және Уәйіс ақындар енген] / шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндары мен алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 1994. – 336 б.
19. Мұхамедханов, Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 3-кітап [Мәтін] : [Әріп, Әсет, Мұқа, Өубөкір ақындардың өлеңдері, өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер енген] / шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндары мен алғы

- сөзін жазып, баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 1995. – 320 б.
20. Мұхамедханов, Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 4-кітап [Мәтін] : [Тайыр, Баймағамбет, Иманбазар, Әрхам ақындардың өлеңдері, өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер енген] / шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндары мен алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 1997. – 240 б.
21. Мұхамедханов, Қ. Абай мұрагерлері [Мәтін] : [Шәкәрім, Турағұл, Кәкітай, Көкбай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер енген] / шығармаларын жинап, зерттеп, өмірбаяндарын жазып, баспаға әзірлеген Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
22. Мұхамедханов, Қ. Тағдыр және Қарлаг [Мәтін] = Мухамедханов, К. Судьба и Карлаг [Мәтін] / «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры. – Алматы, 2008. – 278 б.
23. Мұхамедханов, Қ. Абай кітабын алғаш шығарған Илияс Бораганский [Мәтін] = Ильяс Бораганский – первый издатель книг Абая [Текст] / Қ.Мұхамедханов; жауапты ред. – Ғ.Қабышұлы; «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры. – Алматы, 2009. – 64 б.
24. Мұхамедханов, Қ. Абай шығармаларына ғылыми түсініктер [Мәтін] = Абай шығармаларына ғылыми түсініктер / Қ.Мұхамедханов; жауапты ред. – Ғ.Қабышұлы; «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры. – Алматы, 2009. – 174 б.
25. Мұхамедханов, Қ. Шәкәрім мен Қайым: тағдырлас [Мәтін] = Шакарим и Каюм: сплетение судеб [Текст] / Қ.Мұхамедханов. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
26. Мұхамедханов, Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов; «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры. – 2 бас. – Алматы, 2010. – 164 б.
27. Мұхамедханов, Қ. Тарта көр Семейімнің топырағы [Мәтін] : өлеңдер, поэмалар, мақалалар, арнаулар / Қ.Мұхамедханов; құраст.: Т.Ибрагимов, А.Ғабдуллина; Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі. – Семей, 2010. – 144 б.
28. Мұхамедханов, Қ. Шығармалары [Мәтін] / Қ. Мұхамедханов; Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі. – Астана: Фолиант, 2014. – (Алтай-Ертіс кітапханасы) Т.1: Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – 2014. – 344 б.
29. Мұхамедханов, Қ. Хаттар сөйлейді = Письма говорят / Қ.Мұхамедханов. – Алматы, 2016. – 336 б.

#### **Қ.Мұхамедхановтың қатысуымен жарық көрген басылымдар**

30. Абайдың әдеби-мемориалдық музейі = Литературно-мемориальный музей Абая [Мәтін] : ескерткіш-кітапша = памятка / құраст.: Қ.Мұхамедханов [Қ.Мұхамедханов], М.Шаталин. – Семей: Облиздат, 1960. – 71 б.
31. Шондыбаев, У. Уақыт өрнегі [Мәтін] : өлеңдер мен дастандар / У.Шондыбаев; Уәйіс ақынның шығармаларын жинаған, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған Қ.Мұхамедханов. – Алматы: Жазушы, 1988. – 104 б.
32. Оразалинов, С. Ш. Абай елі = На земле Абая = On the Land of Abai [Мәтін] : альбом-шежіре / С.Ш.Оразалинов; кеңесшілері: Қ.Мұхамедханов, К.Оразалин, А. Гаркавец; арнайы фотосуретін түсірген В.Якушкин. – Алматы: Өнер, 1994. – 277 б.
33. Құнанбайұлы, Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы [Мәтін] / Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы; Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты; редакция алқасы: З.Ахметов, Б.Байғалиев, С.Қирабаев, Қ.Мұхамедханов, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов. – Алматы: Жазушы, 1995.  
Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.  
Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – 1995. – 381 б.

#### **Қ.Мұхамедхановтың жинақтар мен мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалары (1937–1969)**

**1937**

34. Мұхамедханов, Қ. Қуаныш жыры [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1937 – 24 март. – Б. 4.

35. Мұхамедханов, Қ. Шаттық толғауы [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1937. – 30 декабрь. – Б. 3.

### 1938

36. Мұхамедханов, Қ. Бүгін [Мәтін] : [поэма] // Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 24 июнь. – Б. 4.
37. Мұхамедханов, Қ. Жамбыл [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 12 апрель. – Б. 3.
38. Мұхамедханов, Қ. Қыраным [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 2 февраль. – Б. 3.
39. Мұхамедханов, Қ. Николай Островский [Мәтін] : өлгеніне екі жыл толуына / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 22 декабрь. – Б. 3.
40. Мұхамедханов, Қ. XIV жыл. Ленинге [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 21 январь. – Б. 2.
41. Мұхамедханов, Қ. Сталин сүйген Чкалов [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 20 декабрь. – Б. 1.
42. Мұхамедханов, Қ. Украина халқының ұлы ақыны [Мәтін] : [Т.Г.Шевченконың туғанына 125 жыл толуына орай] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 24 ноябрь. – Б. 3.
43. Мұхамедханов, Қ. Халық әдебиетін толық меңгере білейік [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 4 июнь. – Б. 4.
44. Мұхамедханов, Қ. Шаттық әні [Мәтін] : [Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1938. – 20 апрель. – Б. 4.

### 1939

45. Мұхамедханов, Қ. Амангелді [Мәтін] : [аттас фильмге рецензия] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 21 февраль. – Б. 4.
46. Мұхамедханов, Қ. Ақын сөзі [Мәтін] : [Абай туралы өлең] / Қ.Мұхамедханов // Лениншіл жас. – 1939. – 26 июнь. – Б. 3.
47. Мұхамедханов, Қ. Ақын сөзі [Мәтін] : үзінді: Қазақстан жазушыларының II съезіне / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 17 июнь. – Б. 3.
48. Мұхамедханов, Қ. Өріп ақын [Мәтін] : [ақын Өріп Тәңірбергенов туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 10 декабрь. – Б. 3-4.

49. Мұхамедханов, Қ. Батырларым [Мәтін] : үзінді / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 22 февраль. – Б. 3.
50. Мұхамедханов, Қ. Көсем сөзі [Мәтін] : [Сталин жолдастың партияның 18-съезінде сөйлеген сөзіне арналған өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 21 март. – Б. 3.
51. Мұхамедханов, Қ. Қазақтың батыр ұланы [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 22 февраль. – Б. 3.
52. Мұхамедханов, Қ. Облыстық жазушылар слетінің делегаттары [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 6 июнь. – Б. 3.
53. Мұхамедханов, Қ. Октябрь тудырған қазақ әдебиеті [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 11 ноябрь. – Б. 4.
54. Мұхамедханов, Қ. Семей театры және оның ойыны туралы [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов, Е.Исмаилов // Әдебиет және искусство. – 1939. – № 9. – Б. 126-133.
55. Мұхамедханов, Қ. Халық әдебиетін толық меңгере білейік [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 4 июнь. – Б. 4.
56. Мұхамедханов, Қ. «Шекарада» [Мәтін] : [Семей облыстық драма театрында қойылған М.Әуезовтің «Шекарада» пьесасы туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1939. – 27 март. – Б. 3-4.

### 1940

57. Мұхамедханов, Қ. Абайдың әдебиет мектебі [Мәтін] : [ақын Өзбәкір туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 2 октябрь. – Б. 4.
58. Мұхамедханов, Қ. Абайдың әдебиет мектебі [Мәтін] : [Абайдың ақын ұлы Ақылбай туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 5 октябрь. – Б. 4.
59. Мұхамедханов, Қ. Абайдың әдебиет мектебі [Мәтін] : [Абайдың ақын ұлы Мағауия туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 6 октябрь. – Б. 4; 10 октябрь. – Б. 3.
60. Мұхамедханов, Қ. Абайдың жарияланбаған өлеңдері [Мәтін] : бұрын жарияланбаған тағы екі өлеңі туралы / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 10 июнь. – Б. 2.
61. Мұхамедханов, Қ. Алдымда ақын Абай – Темірқазық [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 14 октябрь.
62. Мұхамедханов, Қ. Өріп ақын [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 10 декабрь. – Б. 3-4.

63. Мұхамедханов, Қ. Ертеңгінің куәсі [Мәтін] : [«Ер-Тарғын» ойыны жайында] // Қ.Мұхамедханов / Екпінді. – 1940. – 15 ноябрь. – Б. 3.
64. Мұхамедханов, Қ. Жас қырандар [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 23 июнь. – Б. 2.
65. Мұхамедханов, Қ. Киров [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 1 декабрь. – Б. 4.
66. Мұхамедханов, Қ. Қазақ театрының ойыны туралы [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 26 январь. – Б. 3.
67. Мұхамедханов, Қ. Қазақтың батыр ұланы [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 7 ноябрь. – Б. 4.
68. Мұхамедханов, Қ. Қазақтың тұңғыш ансамблі [Мәтін] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 3 сентябрь. – Б. 2.
69. Мұхамедханов, Қ. Орындалған өсиет [Мәтін] : [Абай туралы жазылған поэмадан үзінді] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 17 июнь. – Б. 3.
70. Мұхамедханов, Қ. Революция дауылпазы [Мәтін] : [М.Горький туралы] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 18 июнь. – Б. 1.
71. Мұхамедханов, Қ. Серго Орджоникидзе [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 7 ноябрь. – Б. 4.
72. Мұхамедханов, Қ. Театрдың жаңа ойыны [Мәтін] : [Ш.Хусаиновтың «Боран» пьесасы жайында] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1940. – 28 январь. – Б. 3-4.

#### 1941

73. Мұхамедханов, Қ. Ері қорған еліне [Мәтін] : [Совет Одағының батыры Василий Кисляковқа арналған поэма] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1941. – 31 октябрь. – Б. 4.
74. Мұхамедханов, Қ. Жеңеміз [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1941. – 24 июнь. – Б. 1.

#### 1942

75. Мұхамедханов, Қ. Мақсатқа ерлер жетер ме [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1942. – 10 август.
76. Мұхамедханов, Қ. Отан үшін, ел үшін! [Мәтін] : [өлең] / Қ.Мұхамедханов // Екпінді. – 1942. – 23 август. – Б. 2.
